



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

алдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№ 17 (1859) Сәрсенбі, 30-сәуір 2025 жыл Республикалық қоғамдық-саяси газеті



**АССАМБЛЕЯ – МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗГЕ АРҚАУ
БОЛҒАН АСА МАҢЫЗДЫ ҚҰРЫЛЫМ. ҰЛТТЫҚ
МҮДДЕЛЕРІМІЗДІ ҚОРҒАП, ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІ
НЫҒАЙТУ – ҚАСТЕРЛІ ПАРЫЗ.**

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті



**Құрметті талдықорғандықтар
және қала қонақтары!**

Баршаңызды Қазақстан халқының Бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Береке мен бірліктің, татулық пен тұрақтылықтың символына айналған бұл мерейлі мерекенің еліміз үшін маңызы ерекше.

Тарих пен тағдыр табыстырған бірнеше этнос өкілдері Талдықорған өңірін бүгінде өзінің алтын бесігі, киелі мекені санайды. Осылайша қала халқы ауызбірлігінің арқасында туған жердің мәртебесін көтеруге, экономикалық қуатын арттыруға, келбетін көркейтуге бар күш-жігерін жұмсап келеді. Ел іргесінің бүтіндігін сақтау, ынтымақ пен ауызбірлікті нығайту, заңның үстемдігін орнықтыру, тұрғындардың әл-ауқатын көтеру - мемлекетімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалардың, жаңа өзгерістер мен жаңғырулардың түпкі қазығы.

Құрметті талдықорғандықтар!

Халқымыздың «Ынтымақ түбі - игілік» деген қанатты сөзінде үлкен мән жатыр.

Біздің мақсатымыз – ел бірлігін нығайтып, қаламыз бен мемлекетіміздің болашағы үшін еңбек ету! Сіз бен біз болып татулықтың арқасында тек алға қадам баса берейік! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ернат БӘЗІЛ,
Талдықорған қаласының әкімі

«ДОСТЫҚ» АЛЛЕЯСЫ: БІРЛІК ПЕН ТАҒЫЛЫМ МЕКЕНІ



«Достық үйі» ғимаратының алаңында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Достық» аллеясының ашылу салтанаты және уақыт капсуласын орнату шарасы өтті.

Ашылу рәсіміне Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, Ассамблея мүшелері, этномәдени бірлестіктер, жастар ұйымдары, ардагерлер мен қала тұрғындары қатысты. Ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра отырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында шара аясында қонақтар ағаш отырғызу акциясына қатысып, көрмені тамашалады. Жиынның мақсаты – еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз байланысты Ассамблея мерекесін атап өту, сондай-ақ, көпэтносты қоғамның бейбіт әрі үйлесімді дамуына қосқан үлесін дәріптеу.

Еркебұлан Ақболатов, «Қоғамдық келісім» КММ директоры: «Халқымыздың бірлігі мен

достығының белгісі ретінде аллеяның ашылуы мен болашақ ұрпаққа арналған уақыт капсуласын орнату рәсімі барша жетісулық қауым үшін маңызды шара деп білеміз. Жас көшеттерді отырғызу халқымыздың бірлігі мен достығын бейнелейтін ерекше символдық мағынаға ие. Әрбір отырғызылған ағаш түрлі этностар арасындағы өзара түсіністік пен құрметтің белгісі. Ал, уақыт капсуласында еліміздің бүгіні мен ертеңіне арналған тілектер, маңызды тарихи естеліктер сақталады»-деп капсула 2030 жылы Ассамблеяның 35 жылдық мерейтойына орай ашылатынын атап өтті. Игі бастаманы қолдаушы Ассамблея белсенділері «Жетісу жері ең әсем, жанға жайлы өңір. Кезінде Асан қайғы бабамыз «Мынау Жетісудың әр ағашы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс»- деп бағалағанын білеміз. Аймағымыз шыбық ексең лезде жапырағы жайқалған саялы ағашқа айналар топырағы құнарлы өлке. Халық даналығы «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дейді. Бұл шара елдің мәңгілік құндылығы. Осындай тарихи сәтке куә болғанымыз және атсалысуымыз біз үшін мәртебе»-дейді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА
Суретті түсірген: Жұмабай МҰСАБЕКОВ



ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛЗАМАНАУИ ВЕТПУНКТТЕРДІҢ
САНЫ 5-ТЕН 50-ГЕ ЖЕТТІ

Үлкен шаруашылықтарды, жеке аулаларды аралау барысында атқарылған жұмыс, яғни малды тіркеу, профилактикалық іс-шаралар, екпе жасау бірден сол жерде планшет арқылы базаға енгізіледі, - дейді «Ветеринарлық пункттері бар Талдықорған қаласының ветеринарлық станциясының» ветеринар дәрігері, осы салада он үш жылға жуық уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан Айгерім Бекбосынова.

Жалпы өңірде алдын алу шараларына, соның ішінде заманауи диагностикалық зерттеулерге, екпе жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының қолайсыз ошағының саны 12-ден 4-ке азайтылды. Сонымен қатар 26 көмінді ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестендірілді. Биыл да бұл жұмыстар жалғасуда.

«АУЫЛДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ»
ЖОБА АЯСЫНДА 44 НЫСАН САЛЫНАДЫ

Жетісу облысында 59 нысанның құрылысы қарастырылған, соның 15-і дәрігерлік амбулатория, 39-ы фельдшерлік-акушерлік пункт және 5-еуі медициналық пункт. Аталған нысандардың 15-інің құрылысы өткен жылдың желтоқсан айында аяқталған, 44-інің құрылысы биылғы жылы жалғасуда.

Бөлінетін қаражаттың көлеміне қарай нысандардың бірқатарының құрылысын маусымда, тағы бірнешеуін тамызда аяқтау жоспарланған.

Оған қоса инженерлік-коммуникациялық желілердің құрылысы жүргізілуде, қажетті қаражат жергілікті бюджеттен бөлінді. Нысандардың дайындығы орта есеппен 80%, жұмыстар маусым айында толығымен аяқталады.

Облыста «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының іске асырылуы тұрақты бақылауда.



КӨГАЛДАНДЫРУҒА КӨҢІЛ БӨЛІНДІ

Жетісуда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбілік ұйымдастырылып, оған 11 мыңнан астам жетісулық тұрғын қатысты.

Сенбілікте облыс әкімі Бейбіт Исабаев, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, ауылдар мен қалалардың тұрғындары болды. Тазалық шарасында облыс аумағындағы елді мекендер түгел қамтылып, көшелердің бойында, саябақ, сквер, аллеяларда санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы осы күні облыс бойынша сенбілікке 11 490 адам, 66 техника жұмылдырылып, 788 тонна қоқыс шығарылды. Көктемгі тазалық шараларымен қатар бұл күні көгалдандыруға да көңіл бөлінді. Жалпы биыл 120 мың көшет отырғызу жоспарланған, соның ішінде «Бәріміз бірге» акциясының ая-



сында 1 360 ағаш отырғызылды, соның 1 160-ы жапырақты, 200-і - қылқан жапырақты.

Фотосуретті түсірген:
Жеңіс ЫСҚАБАЙ

СПОРТ

ВОЛЕЙБОЛШЫ ҚЫЗДАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ АЛТЫНЫ

«Жетісу» Филиппин елінде волейболдан әйелдер командалары арасында өткен Азияның чемпиондар лигасында топ жарды. Ақтық сында талдықорғандық спортшылар Вьетнамдық «Бин Дьен Лонг» командасын 3:1 есебінен ұтып, өз тарихында тұңғыш рет Азия Чемпиондар лигасының алтын медаліне қол жеткізді.

Еске салсақ, «Жетісу» командасы бұған дейін Азияның клубтық Чемпиондар лигасына тоғыз рет қатысып, екі мәрте – 2010 және 2013 жылдары күміс медаль алған болатын. Ал биылғы чемпионатта алтыннан алқа тағып, осылайша жетісулық команда алдағы қыркүйекте Таиландта өтетін клубтық Әлем чемпионатына жолдама алды.

Атап өтсек, Азия Чемпиондар лигасына Қазақстан, Таиланд, Филиппин, Қытай, Вьетнам, Гонконг, Иордания және Иранның үздік әйелдер клубтары қатысқан болатын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ АЯСЫНДА

1 МАМЫРДАН БАСТАП
НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

ҮЙГЕ КЕЗЕК ПЕН ӨТІНІШТІ «ОТБАСЫ» БАНК ҚАБЫЛДАЙДЫ

24 мамырдан бастап барлық кезекте тұрғандар мен жаңа өтініштер "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электронды жүйесіне өтеді, оны «Отбасы» банкі басқарады.

Жаңа жүйе:

- Жылжымайтын мүліктің бар-жоғын автоматты түрде тексереді;
- Отбасының жағдайы мен мәртебесін талдайды;
- Адамдар қатыспайтын тізім құрастырады, бұл сыбайлас жемқорлық пен қателіктерді болдырмайды;
- Тұрғын үйді бөлу процесін реттейді.

ЖЕҢІС ШЕРУІ – АСТАНАДА

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад 7 мамырда Астананың басты алаңында өтеді. Оған 4 мыңнан астам әскери қызметші, 300-ден аса қару-жарақ пен әскери техника, оның ішінде Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери техниканың үлгілері мен майдандық, армиялық және әскери-көліктік авиациясының 60-тан астам әуе кемесі қатысады.

ЖАҢА РЕЙС АШЫЛАДЫ

1 мамырдан бастап төмендегідей бағыттар бойынша рейстер іске қосылмақ:

"Алматы – Семей – Алматы" – аптасына үш рет, "Астана – Семей – Астана" – аптасына бір рет.

1 маусымнан бастап "FlyArystan" әуе компаниясы "Шымкент – Семей – Шымкент" жаңа бағытын ашады. Рейстер аптасына екі рет дүйсенбі және бейсенбі күндері орындалады.

Сондай-ақ 1 маусымнан бастап "Скат" әуекомпаниясы "Алматы – Үржар – Алматы", "Астана – Үржар – Астана" рейстерін аптасына 6 рет орындай бастайды.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

► емханалардың жанындағы мобилдік бригадалар жұмыс уақытында – 8:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейтін болады;

► өмірге қауіп төндірмейтін жеделдіктің 4-санатындағы шақыртулар (мысалы, жоғары қысым, температура, жеңіл жарақаттар) емханалардың жұмыс уақытында МСАК мобилдік бригадаларына қайта бағытталатын болады;

► 20:00-ден кейін және демалыс күндері барлық шақыртуларға, соның ішінде 4-санатқа, бұрынғыдай, жедел жәрдем бригадалары қызмет көрсетеді.

Статистика көрсеткендей, жедел жәрдем шақыртуларының 50%-дан астамы жеделдіктің 4-санатына жатады және созылмалы аурулардың өршуіне байланысты.

Мұндай шақыртулар жедел шұғыл көмекке мұқтаж адамдарға кедергі келтіреді. Өзгерістер жүктемені оңтайландырып, азайтып, күту уақытын қысқартады.

МСАК мобилдік бригадасы шақыртуға 60 минут ішінде келеді, ал шұғыл жағдайларда келу уақыты 1-санат үшін – 10 минут, 2-санат – 15 минут, 3-санат – 30 минутты құрайды.

СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗДЫ СЫРТҚА ШЫҒАРУҒА ТЫЙЫМ
МЕРЗІМІ ҰЗАРАДЫ

Энергетика министрлігі сұйытылған газды автомобиль және теміржол көлігімен әкетуге енгізілген тыйымның мерзімін тағы 6 айға ұзарту туралы бұйрық жобасын көпшілік талқылауына шығарды.

Құжат қабылданса, 6 айлық тыйым 2025 жылғы 14 мамырдан бастап күшіне енеді.

ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚАНША ҚАРАЖАТ
БЕРІЛЕДІ?

Жеңістің 80 жылдығына орай елімізде екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне біржолғы төлем беріледі. Оның көлемі – 5 млн теңге.

ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛАДЫ

Төртінші тоқсанда оқушылар 8 оқу апта оқып, 25 мамырда оқу жылын қорытындылайды.

АҚШ ВИЗАСЫН АЛУ ШАРТТАРЫ ӨЗГЕРЕДІ

2 мамырдан бастап Астана мен Алматыдағы консулдық бөлімдерде визалық сұхбаттарға жазылу сұхбат өтетін күннен үш жұмыс күні бұрын, сағат 17:00-де жабылады.

Мысалы, 2 мамырға сұхбатқа жазылған азаматтар DS-160 визалық өтінім формасын 28 сәуір күні сағат 17:00-ге дейін толтырып, тапсыруы қажет. Егер DS-160 формасы талаптарға сай болмаса, сұхбат кездесу автоматты түрде жойылады және адам "келмеген" ретінде белгіленеді. Мұндай жағдайда сұхбатқа қайта жазылуға тура келеді, – деп хабарлады АҚШ елшілігі.

НЕГІЗГІ ҰБТ БАСТАЛАДЫ

ҰБТ тестілеуі 16 мамырда басталып, 5 шілдеге дейін жалғасады. Талапкерлер екі мүмкіндікті пайдаланып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатыса алады.

ҰБТ-ға қатысу үшін өтініштер Ұлттық тестілеу орталығының сайтында (<http://app.testcenter.kz>) немесе UTO.kz қосымшасы арқылы қабылданады. Талапкерлер өздерінің тестілеу күнін, уақытын және пунктін таңдауға мүмкіндік алады, бірақ бейіндік пәндер бойынша бір ғана комбинацияны таңдайды.



ДЕЛОВОЕ РАЗВИТИЕ ФИЛИАЛ FREEDOM BANK ОТКРЫЛСЯ В ТАЛДЫКОРГАНЕ

В Талдыкоргане открылся семнадцатый по Казахстану филиал инновационного банка Freedom Bank. Торжественное открытие состоялось 29 апреля в областном центре с участием акима города Талдыкоргана Ерната Базила, Председателя Правления Freedom Bank Гүлфайруз Ахметовой, горожан и гостей города.



Теперь жители и предприниматели города могут пользоваться удобным банковским обслуживанием в комфортных условиях. Филиал расположен в центре города и ориентирован на комплексное обслуживание как физических, так и юридических лиц. Клиенты могут воспользоваться современными финансовыми продуктами, включая депозиты, ипотеку, кредиты, в том числе и на развитие бизнеса.

Офис банка оснащен тремя кассами, электронной очередью и комнатой для обслуживания VIP-клиентов. На территории размещен банкомат, доступ к которому предоставлен 24 часа в сутки.

«Открытие данного филиала — это шаг вперед к еще более удобному, доступному и современному банковскому обслуживанию для жителей и предпринимателей региона. Наш филиал создан с учетом всех потребностей клиентов: здесь работают кассы, есть зона обслуживания VIP-клиентов и юридических лиц. Кроме того, по городу размещены три круглосуточных банкомата, которые помогут горожанам решать финансовые задачи в любое удобное время. Мы уверены, что развитие малого и среднего бизнеса — ключ к процветанию страны. Именно поэтому»

му в нашем банке предприниматели смогут выбрать удобные финансовые решения для себя и своего бизнеса», — отметила Ахметова Гүлфайруз, Председатель Правления Freedom Bank.

Freedom Bank существует на рынке с 2021 года. За короткий срок банк разработал и выпустил на рынок цифровые продукты, аналогов которым нет не только в Казахстане, но и во всем мире. И в этом его уникальность! Это «Цифровая ипотека» и «Цифровой автокредит», которые можно оформить онлайн, без сбора документов и всего за сутки. Банк сделал возможным добавление цифровых документов в электронные кошельки, запустил мультивалютные депозитные карты, карту инвестора и широкую линейку специализированных продуктов для малого и среднего бизнеса. В 2023 году у банка вышел новый продукт «Цифровой кредит для ИП» на инвестиционные цели и пополнение оборотных средств до 100 млн тенге. В 2024 году запущен «Цифровой кредит для ТОО». Также предприниматели города Талдыкорган могут получить финансирование в банке в рамках программы Фонда развития предпринимательства «Даму».

Алма УРАЗАЕВА



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

СОРЕВНОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА

На учебно-тренировочном полигоне акционерного общества «Талдыкорганская акционерная транспортно-электросетевая компания», расположенном в селе Бактыбай Ескельдинского района, пошли соревнования профессионального мастерства среди бригад оперативного-ремонтного персонала по эксплуатации и ремонту распределительных электрических сетей области Жемісу.

Надежное электроснабжение потребителей напрямую связано с деятельностью бригад оперативного-ремонтного персонала, и именно поэтому организуются такие соревнования. Они направлены на повышение профессионального мастерства, качества работ и уровня безопасности при обслуживании распределительных сетей, что позволяет предотвращать аварийные отключения и оперативно их устранять.

— Требования к участникам соревнований состоят из 7 этапов, в каждом из которых лучшие специалисты демонстрируют уровень профессиональной квалификации и мастерства, — рассказал Нурлан Ешмухаметов, начальник центрально-диспетчерской службы АО «ТАТЭК». — В программу входят задания по спасению пострадавшего от электрического тока, эвакуации его с опоры электропередачи, а также экзаменационные задания по проверке знаний правил эксплуатации различных электроустановок и электрооборудования.

Судьи оценивают не только профессиональные навыки участников, но и их теоретические знания, знание правил техники безопасности и умение принимать решения в экстремальных ситуациях.

На торжественном открытии соревнований председатель Правления АО «ТАТЭК» Айбек Куземабаев пожелал участникам удачи и отметил важность их работы для обеспечения ста-



бильного электроснабжения региона.

Магжан Семкул, молодой специалист в Коксуской РЭС, работает электромонтером около года. Участвует в соревнованиях профессионального мастерства впервые.

— Эти соревнования — не только возможность продемонстрировать свои навыки, но и возможность учиться друг у друга, обмениваться опытом, — поделился своими впечатлениями Магжан Семкул. — Мы все стремимся к победе, но главное — это безопасность и качество нашей работы.

Всего в мероприятии участвовали 11 команд из 11 районных распределительных сетей, в составе которых 66 участников и 12 единиц техники.

Диана КАНАПЬНОВА

ЖИВАЯ ИСТОРИЯ МУЖЕСТВА И ЛЮБВИ К РОДИНЕ



Шалбай Раимбеков родился 22 февраля 1921 года в селе Косагаш Каратаевского района Талды-Курганской области в семье уважаемого кузнеца-ювелира Раимбека Турлумбетова. В их большой и дружной семье воспитывались девять детей: пятеро сыновей и четверо дочерей. С самого детства Шалбай отличался трудолюбием, честностью и уважением к старшим — качествами, которые впоследствии стали основой всей его жизни.



После окончания школы в 1939 году Шалбай Раимбеков был призван в ряды Советской Армии. Он прошел обучение в полковой школе 387-го отдельного батальона связи в городе Новосибирске. Молодой солдат проявил себя как дисциплинированный, целеустремленный и способный боец.

Однако мирная служба была прервана началом Великой Отечественной войны. За несколько месяцев до плановой демобилизации Шалбай был направлен на фронт. Именно на железнодорожной, во время отправки на передовую, он случайно встретил своего старшего брата Шаймердена, также уходившего защищать Родину. Эта встреча стала символом судьбы: два брата — плечом к плечу — встали на защиту Отечества.

Боевой путь Шалбая Раимбекова начался на Северо-Западном фронте, где он сражался в составе 801-й стрелковой дивизии 53-й армии, в тяжелых боях под Старой Руссой. Осенью 1941 года его направили на курсы переподготовки в военное училище в городе Вышний Волочек. По завершении обучения он получил звание лейтенанта и был назначен командиром разведывательной роты 35-й стрелковой дивизии.

Особую страницу в его военной биографии заняли события осени 1943 года. Тогда, на участке фронта в районе деревни Ивановка, дивизия в течение десяти дней безуспешно пыталась прорвать оборону противника. Ожесточенные атаки заканчивались большими потерями. Командование приняло решение поручить ключевую разведывательную операцию роте под командованием лейтенанта Раимбекова.

Условия были крайне тяжелыми: заболоченная местность, осенние дожди, плотная оборона фашистов, знаящих высоты. Ночью, с риском для жизни, пятнадцать разведчиков под его командованием пробрались через болото, преодолели минные заграждения и устроили засаду у шоссе Харьков—Орел. Они сумели внезапно атаковать вражеский обоз и захватить в плен немецкого офицера и трех солдат. Доставленные в штаб пленные сообщили о планах масштабного наступления, что позволило советским войскам одновременно принять меры и не допустить прорыва.

Позднее та же группа разведчиков под командованием Раимбекова вновь проявила беспримерное мужество. Разведка обнаружила вражеские артиллерийские и пулеметные позиции. Под прикрытием ночи бойцы внезапно атаковали врага. Фашисты, считая себя окруженными, начали беспорядочно отступать. Отвлекая огонь на себя, разведчики спасли множество жизней своих товарищей. За эту операцию Шалбай Раимбеков был награж-

ден орденом Александра Невского — высокой боевой наградой за личное мужество и выдающееся командование в условиях непосредственной угрозы жизни.

В декабре 1945 года, после победы и демобилизации, он вернулся к мирной жизни и был назначен начальником военно-учетного стола Карабулакского районного военкомата. В работе проявил себя как требовательный, организованный и честный руководитель.

С окончанием войны его трудовая биография была не менее насыщенной. Он трудился заведующим торговым отделом Карабулакского райисполкома, после чего поступил и успешно окончил школу милиции в Свердловске. Продолжая службу государству, он занимал ответственные оперативные должности в органах МГБ и МВД в городах Талдыкорган, Панфилов и Учарал. Параллельно получил высшее образование, окончив заочно торговый техникум в Алма-Ате.

В 1960 году Шалбай Раимбеков был назначен начальником ОРСа на станции Дружба. Затем работал председателем сельпо Алакольского района, директором хлебопищекомбината, председателем Кировского райпотребсоюза, а позднее — директором райбыткомбината. Даже выйдя на пенсию в 1981 году, он не оставил трудовой деятельности — продолжал работать директором центрального рынка.

За самоотверженный труд и преданность делу он был неоднократно избран депутатом районных Советов народных депутатов Талдыкорганского, Алакольского и Кировского районов. Его уважали и ценили как за личные качества, так и за безупречную деловую репутацию.

Шалбай Раимбеков был награжден орденами Александра Невского, Отечественной войны I степени, медалями «За безупречную службу в МВД», «За освоение целинных и залежных земель», «За доблестный труд», а также другими государственными и ведомственными наградами. В общей сложности — более 18 орденов и медалей.

В 1947 году он женился на Злихе Ертургановой, своей верной и любимой спутнице жизни. Вместе они прожили 48 лет в любви и взаимной поддержке. Вырастили шестерых детей, все они получили высшее образование и стали достойными членами общества. Супруга, разделявшая с ним и радости, и испытания, ушла из жизни в 2001 году.

Своим детям они привили главное — честность, уважение к труду, чувство долга и любви к Родине. Сегодня Шалбай Раимбеков оставил после себя не только богатое наследие, но и крепкую семью, которая продолжает его традицию. У него 16 внуков, 40 правнуков и 1 праправнучка.

В 1995 году, в честь 50-летия Великой Победы, Шалбай Раимбеков был приглашен Верховным Главнокомандующим на юбилейный Парад Победы в Москву. Для него это было огромной честью и символом признания. Однако сильные эмоции дали осложнение на здоровье, и 5 апреля 1995 года он скоропостижно скончался. Похоронен в городе Талдыкорган.

Память о нем свято чтится. В 2014 году решением областного маслихата одна из улиц города Талдыкорган была названа в его честь. А 22 февраля 2025 года исполнилось бы 104 года со дня его рождения.

Внук
Байгазы Ерлен Бақытұлы



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



«ЛӘЗЗАТ» ЗАУЫТЫ: КҮНІНЕ 30 ТОННА СҮТ ӨНДІРІЛІП, ӨНІМНІҢ 33 ТҮРІ ШЫҒАДЫ

Қала басшысы Ернат Бәзіл қаламыздағы сүт өңдеумен айналысатын «Ләззат» сүт зауытының жұмыс барысымен танысып, өндіріс ошағын аралады. Биылғы Жұмысшылар жылына орай зауыттың тыныс-тіршілігін көріп қайтты.

Сүт өнімдерімен айналысатын зауыт күніне орта есеппен 30 тонна сүт өңдеп, өнімнің 33 түрін шығарады. Санға емес, сапаға жұмыс істейтін зауыт толықтай автоматтандырылған. Сүтті үйдегідей ұйытып, өңдейтін өндіріс орнында бұл күнде 135 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Өндіріс орнын Шыңғыс Жансейітов басқарады.

Зауыттың ерекшелігі өнімдерді еш қоспасыз, табиғи жолмен өндіретіндігінде. Онда күнделікті сүт пен одан алынатын тауардың құрамы тексеріліп тұрады. Мұнда өнімдердің сақталу мерзімі 5 күннен аспайды. Сондай-ақ, сүт зауытында арнайы зертхана да жұмыс істейді.

«Ләззат» сүт зауытында жылына 18 мың тоннадан астам дайын сүт өнімі өндіріледі, оған қажетті шикізат өңірдегі шаруашылықтардан сатып алынады. Кәсіпорын заманауи технологиялық жабдықтармен жабдықталған. Дайын өнімдерді Талдықорған қаласынан бөлек, Алматы аумағы тұрғындары да тұтынады.

МӘСЛИХАТТА ҚАЛА БЮДЖЕТІ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Ағымдағы жылдың 25 сәуірінде Талдықорған қалалық мәслихатының кезекті XXXVI – сессиясы өтіп, онда «2024 жылғы Талдықорған қаласы бюджетінің атқарылуы туралы», «2024 жылға арналған жергілікті бюджет бойынша сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижелері бойынша Жетісу облысындағы ревизиялық комиссия жұмысы», Талдықорған қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақы жеңілдігін беру туралы және т.б. мәселелер қаралды. Сессия жұмысына Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қатысты. Халық қалаулылары күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша жауапты бөлім басшыларының баяндамаларын тыңдап, толғандырған сауалдарын жолдады. Сессия барысында сөз алған шаһар басшысы Талдықорған қаласындағы автокөлік жолдарын жөндеуге, салуға қатысты нақты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жоспарларымен бөлісті.

КӨШЕТТЕР ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Ағымдағы жылдың 30 сәуірінде қала аумағында егілген көшеттердің жай-күйін анықтау мақсатында Талдықорған қалалық мәслихаты депутаттары көшпелі іс-шара ұйымдастырды.



Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің өкілі іс-шараға қатысып, құраған ағаштардың себеп-салдары анықталатынын мәлімдеді. Көктемгі көгалдандыру бойынша ағаштарды күтіп-баптау, суару қолға алынууда.

Өз тілшіміз

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ 60 ОТБАСЫ ЖАҢА ПӘТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Баспана кезегінде тұрған Талдықорған қаласы тұрғындарының мәселесі оңынан шешіле бастады. Пәтер алуға армандаған, баспанаға мұқтаж 60 отбасының арманы орындалды. Қаланың «Бірлік» шағын ауданында пайдалануға берілген үйдің 15-і – бір бөлмелі, 15-і – екі бөлмелі, 30-ы – үш бөлмелі пәтерлер.



Жаңа пәтерге қол жеткізіп, қоныстойын тойлаған отбасылардың қуанышына қала басшысы Ернат Бәзіл ортақтасып, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында қолға алған жұмыс әрі қарай жалғасын табатынын айтып, тұрғындарды қуантты. «Мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі – әлеуметтік осал топтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да үздіксіз жүргізіледі. Жаңа пәтерге ие болған барлық отбасыны қуанышымен құттықтаймын. Шаңырақтарыңыздан шаттық үзілмесін»-деген қала басшысы пәтер кілттерін табыстады.

Қолданысқа берілген үйлер халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобына, толық емес отбасыларға, жетім және мүмкіндігі шектеулі жандарға 60 пәтердің кілті салтанатты түрде табысталды.

Тұрғын үй алушылардың қатарында «Айналайын» балалар үйінің жеті тәрбиеленушісі де бар. Балаларды қолдау орталығының басшысы Гүлмира Тойғанбекқызының айтуынша, ата-ана қамқорлығынсыз қалған азаматтарға кезек бойынша пәтер кілті табысталуда. Бүгінгі күні түлектердің қуанышына ортақтасып, ұжыммен келіп, баспаналарына шашу шашып құттықтаған. Ал сондай түлектердің бірі, он жылдан астам уақыт үй кезегінде тұрған көпбалалы ана Дана Байдалиева.

– Мен бұл баспананы ұзақ күттім. Отағасы Айдоос екеуіміз бес баланы өсіріп, тәрбиелеудеміз. Үлкеніміз Сұлтан студент, ең кішкентай еркеміз Адина 3 жаста, басқалары мектепте оқиды. Бүгін үш бөлмелі жаңа пәтердің кілтін қолымызға алып қуанып жатырмыз. Көпбалалы аналардың тілегін,

өтінішін ескеріп, осындай жағдай жасап жатқан облыс және қала әкімдігіне алғысым шексіз. Үмітіміз ақталды, – деді Дана Қанағатқызы.

Индира Қыбыраева, «Алтын алқа» иегері: «Әр адам өз шаңырағының болғанын қалайтыны белгілі. «Өз үйім – өлең төсегім» деген сөз бекер айтылмаған ғой. Ұзақ жыл бойы сарыла күткен пәтердің кілті қолымызға тиіп, төбеміз көкке жетіп, қуанып отырмыз. Біздерге 9 баламен ешкім үйін жалға бермей қойған кездер де басымыздан өтті. Көпбалалы аналарға айрықша қамқорлық көрсетіп жатқан Мемлекет басшысына, өңірдегі атқамінер азаматтарға айтар алғысым шексіз. Мұндай баспана пәтерге мұқтаж әрбір отбасыға бұйырсын деген тілек бар».

Динара Нұрасылова, көпбалалы ана: «Бүгін отбасымызда үлкен қуаныш. Көптен күткен, ондаған жылдар сарыла күткен баспанаға қол жеткіздік. Өзім балалар ауруханасында медқызметкермін. Балаларымыз өсіп қалды. Үлкеніміз оқу орнын аяқтаса, кішкентайымыз мектепте 2 сыныпта оқиды. Отбасымызбен келіп, пәтер кілтін алдық. Барлық қуаныш иелерін құттықтаймын. Қоныстары құтты болсын!»

Қазіргі таңда қаламыздың инфрақұрылымы дамып, көркейе түсуде. Халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бағдарлама аясында өткен жылы тұрғын үй берудің барлық бағыты бойынша Талдықорған қаласында 1283 отбасы баспаналы болса, биылғы жылы 1500-ге жуық отбасыға баспана кілттері табысталатын болады. Ал жыл басынан бүгінгіге қоса алғанда 308 отбасы үйлі болып отыр.

Данагүл МӨКЕН

«ШАЙҚОРҒАН» ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ

Қала әкімі Ернат Бәзіл «Шайқорған» тұрғын үй алабының тұрғындарымен кездесті. Өз кезегінде тұрғындар жол, түнгі жарық, қоғамдық көлік, сондай-ақ балаларға арналған ойын алаңының қажеттілігі туралы сұрақтарын ортаға салды.

Қала басшысы тұрғындардың барлық сұрақтарына толық жауап беріп, кейбір мәселелерді қатаң бақылауға алып, шешу жолдарын қарастыратынын жеткізді. Биыл бұл тұрғын үй алабында түнгі жарық пен жол мәселесі жоспарлы түрде қолға алына-тын болады.



ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, биылғы жылы қала бойынша 70-ке жуық жолды ретке келтіру жоспарлануда. Яғни, 17 450 м² көшеге ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Айтар болсақ, қала орталығынан басқа саяжай қоғамдары мен тұрғын үй алаптары, сондай-ақ қауіпті учаскелердегі жол құрылымдары ретке келтіріледі.




Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ ҚАЙТАЛАНБАС ҮЛГІСІ

1 мамыр – елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың, достық пен татулықтың символына айналған, бірлікті дәріптейтін мереке. Қазақстан халқының бірлігі – ел тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Сондықтан бұл мереке әр қазақстандық үшін аса маңызды. Қазақстан халқы Ассамблеясы да бұл күннің маңызын арттыруда үлкен рөл атқарып келеді. Ассамблея еліміздегі этностардың мүдделерін қорғап, бірлік пен келісімді сақтауға бағытталған жұмыстар жүргізіп отыр. Ұйым «Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты».

Айта кетейік, облыстық ҚХА-ның қазіргі құрамында 22 – этномәдени бірлестік, 111 – Аналар кеңесі, 124 – Ақсақалдар кеңесі бар. Достық үйінде медиация кабинеті, аудан, қала әкімдіктерінің жанындағы 15 медиативтік алаң, ғылыми-сараптамалық топ, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі ҚХА кафедрасы, жетекші журналистер мен сарапшылар клубы, «Ассамблея жастары» жастар қозғалысының облыстық өкілдігі жұмыс істейді. Олар бірлікті, конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайтуға айтарлықтай үлес қосуда. Ассамблеяның негізгі міндеті мен мақсаты – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын қамтамасыз етуде.



Екатерина ПОДГОРНОВА,
«Орыс» этномәдени бірлестігінің мүшесі,
«Ассамблея жастары» қоғамдық бірлестігінің белсендісі:

– Мен Ресей Федерациясы, Еврей автономиялық облысы, Биробиджан қаласында дүниеге келгенмін. 3 жасымда әкемнің қайтыс болуына байланысты, аманның туған жері, қазіргі Жетісу облысы, Ескелді ауданы, хәкім Абайдың атымен

аталатын Абай ауылына көшіп келдік. Сол ауылдың тек қазақ тілінде оқытатын Абай атындағы орта мектебінде білім алдым. Яғни, балалық шағым осы ауылда өтті. Мектепке дейінгі білімнен бастап қазақ тілінде тәрбиелендім, осының нәтижесінде қазір таза қазақша сөйлеймін. Бастауыш сыныбымдағы ұстазымның айтуы бойынша мен 3-ші сыныптан бастап қазақ тілінде еркін сөйлеп үйренгенмін. Қазіргі таңда да білім алып жүрген мекемеде қазақ тобында оқимын. Мемлекеттік тілде сөйлеу мен үшін бір мәртебе. Сонымен қатар қазақ әдебиетіне деген қызығушылығымның арқасында көптеген «Көркем сөз оқу» байқауларында топ жарып, жақсы нәтиже көрсетудемін. Биыл өңірлік «Ассамблея жастары» ҚБ-нің мүшесі болғаным 4 жыл. Осы уақыт аралығында өзім тәрізді жастармен таныстым, өзге қалаларға барып, маңызы зор форум, лагерь, жобаларға қатысып, елімізге танымал адамдармен таныстым. Басқа облыс жастарымен бірлесе іс-шара өткіздім. Сондықтан ҚХА-сының менің өмірімде маңызы зор. Айта кететін бір жәйт, 2024 жылы еліміздегі жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту бағытындағы қосқан үлесім үшін ҚР-ның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құрмет грамотасымен марапатталғанмын. 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл – еліміздегі тұрып жатқан әртүрлі этнос өкілдерінің тату-тәтті, бір үйдің баласындай өмір сүріп жатқанын көрсететін ерекше күн. Мен басқа этнос өкілі болсам да, қазақ елінде өстім және қазақ тілін ана тілімдей қабылдаймын. Себебі, мемлекеттік тіл достықтың тілі, ол – бізді біріктіретін алтын көпір десем де артық айтқаным емес. Осы тіл арқылы біз бір-бірімізді тереңірек түсінеміз, бірлігімізді нығайтамыз. Қазір Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілдері тұрады. Әрқайсымыздың тіліміз, дініміз, салтымыз, мәдениетіміз, тарихымыз бір-біріне ұқсамайды. Бірақ бізді ортақ біріктіріп тұрған Отанға деген сүйіспеншілік, бейбітшілік және өзара құрмет. Мен үшін аталмыш мереке осындай құндылықтарды атап өтетін, өткенді еске түсіріп, болашаққа сеніммен қарап, өскелең ұрпақты бейбітшілікке, татулыққа тәрбиелейтін ерекше күн.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТАҒЫМ



АЗАМАТТАРДЫҢ ЕРЛІК ІСІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль қаласындағы Атом электр станциясында жойқын жарылым тіркеліп, мыңдаған адам мерт болды. Ғалымдардың зерттеуінше радиоактивті түтін ондаған мемлекеттің 145 мың шаршы шақырым жерін ластап, 5 миллиондай адамның денсаулығына әсер етті. Атом зардабын жоюға қатысқан 800 мыңнан астам адамның 32 мыңы қазақстандық еді. Өкініштісі, оқиғаның салдарынан көптеген азамат өмірден өтіп, бірқатары мүгедек болып қалды.

Чернобыль және Семей полигоны құрбандарын еске алу мақсатында Талдықорған қаласындағы «Жеңіс» саябағында 2023 жылы сәулетті ескерткіш ашылған болатын. Сенбі күні Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқан азаматтар мен туыстары, Семей полигоны ардагерлері және қала тұрғындары, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков бастаған әкімдік қызметкерлері қасіретті оқиғаның құрбандары болған азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішке гүл шоқтарын қойып, тағзым жасады. Ізгі лебіздерін білдірді.

Жеңіс АНДАБЕКОВ, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары:

– Әр апаттың табиғаты әртүрлі болғанымен қасіреті бір. Чернобыль апаты – адамзат тарихындағы ең сұмдық техногендік апат. Бұл-дүниежүзі тарихындағы ең ірі жарылыстардың бірі. Денсаулығын тәуекелге

тігіп, азаматтық әскери борышын орындаған жандардың қажырлы еңбегінің арқасында апаттың беті қайтты. Олардың бұл еңбегін жанқиярлық ерлікке балар едім. Бейнелері жүрегімізде мәңгіге сақталады. Бейбіт еліміздің аспаны ашық, болашағы жарқын болсын. Хұсайын МҰСТАФА, «Жетісу облыстық Чернобыль ардагерлері және мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

– Бүгін, 26 сәуір - Чернобыль апатынан құрбан болған азаматтарды еске алу күні. Облыс аумағынан әскер қатарында азаматтық борыштарын өтеп қайтқан 1200 азамат әскерге қайта шақырылып, апаттың зардабын жоюға аттанған болатынбыз. Жыл сайын олардың қатары азайып, 200-ге тарта ғана адам қалды. Халқымызда «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген аталы сөз бар. Сондықтан, мықты, дамыған ел болып, ұрпағымыз жақсы, білімді азамат атансын десек, өткенді ұмытпауымыз керек. Бірқатар азаматтар арамиздан кеткенімен олардың артында жарлары, балалары қалды. Бүгін барлығы марқұмдарды тебірене еске алып, жүрекжарды лебіздерін білдіріп жатыр. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Біздің көргенімізді кейінгі ұрпақ көрмесін. Шара соңында ардагерлер Мемлекет басшысының бастамасымен өтіп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына үлестерін қосып, саябаққа ағаштардың жас көшеттерін отырғызды. Ардагерлер арасында бильярдтан өткен жарысқа қатысып, өзара мықтыларды анықтады.

Гүлжанат НҰРШАНОВА
Суретті түсірген: Д.ЕРОФЕЕВ



МАЙДАН ҮШІН ТЕР ТӨКТІ

Маприза Майлығұлова 1937 жылы Алакөл ауданы бұрынғы (Андреев ауданы) Екпінді ауылында туған. Балалық шағы соғыс жылдарымен тұспан-тұс келіп, ауылдағы барлық ер азаматтарды майданға аттандырып, бұғанасы қатпаған бала кезінен бастап аналарына ілесіп колхоздағы шаруашылықта жұмыс істеп, ерте еңбекке араласты. Сол кездегі өзі қатарлас замандастарымен бірге ойын ойнайтын балалық шағын елі үшін еңбек етуге айырбастаған жандардың бірі осы Маприза апамыз.

Кейіннен мектеп бітірген соң сол өзі оқыған Екпінді орта мектебінде директордың хатшысы қызметін атқарып жүргенде болашақ жолдасымен танысып тұрмысқа шықты. Жолдасы Болат Қанабеков ұзақ жылдар Екпінді орта мектебінде ұстаз болып, кейіннен



интернат меңгерушісі қызметін атқарып зейнетке шықты. Маприза апай екеуі 5 ұл, 2 қыз өсіріп, барлықтарының жоғарғы білім алуына ықпал етті. Бүгінгі күні сол балаларынан 13 немере, 4 шөбере сүйіп отырған аяулы әже. Өткен жылдардағы барлық тауқыметтері ұмытылып қазіргі кезде бейбіт аспан астында мамыражай бақытты өмір жасап жатқанына дән риза.

Маприза апайымыз қазақтың салт-дәстүрін берік ұстанған, қазақтың ұлттық тағамдарын, қолөнерін кейінгі кезге дейін өз қолымен дайындап келді. Бүгінгі күнде жасы ұлғайып, көзі де нашар көруіне байланысты қол үзіп қалғанын айтады.

Ардақты ана, асыл әже биыл ҰОС Жеңісіне 80 жыл толуына орай барлық қазақ жұртына бақытты өмір, бейбіт заман тілеп, елімізде тек тыныштық болып, өсіп келе жатқан жас өскелең ұрпақ біздің балалық шағымызда көрген қиындықты көрмесе екен деп тілейді.

Қаламқас ТҰРЛЫҒҰЛОВА,
Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі, «Самал» шағын ауданы филиалының төрайымы

БРИФИНГ

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
АКАДЕМИЯСЫНА ОҚУҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында 2025 жылғы оқуға құжат қабылдау басталды. Әтініштер онлайн түрде «Admission» жүйесі арқылы 25 маусымға дейін қабылданады.

Академия 9 магистратура және 3 докторантура бағдарламасы бойынша білім алуға мүмкіндік береді. Биыл магистратураға – 120, докторантураға – 12 мемлекеттік грант бөлінді.

Биыл академияға оқуға түсуге өтінім беру үшін өзгешеліктер бар. Атап айтсақ, жаңа бағдарлама – «Цифрлық мемлекеттік басқару» іске қосылды. Бағдарламаға цифрландыру саласында жұмыс істейтін, кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер қатыса алады.

Мемлекеттік қызмет өтіліне қойылатын талаптар өзгерді. Енді магистратураға түсу үшін 3 жыл, ал кей бағдарламалар үшін 4-5 жыл еңбек өтілі қажет.

Ақылы бөлімге түсетіндер қатары кеңейді. Мемлекеттік қызметшілермен қатар квазимемлекеттік сектор өкілдері де оқуға түсе алады.

Бағдарламаларға нақты талаптар енгізілді. Әр бағдарлама бойынша үміткерлерге кәсіби талаптар қойылады.

Қажетті құжаттар:

► Мемлекеттік орган жолдамасы (грант үшін);
► Жеке куәлік пен диплом көшірмелері;
► Қазақ тілінен QAZAQ RESMI TEST немесе ҚАЗТЕСТ сертификаты;

► Ағылшын тілі сертификаты (MPA, MIR, докторантура үшін);

► Еңбек өтілін растайтын құжаттар;

► Докторантураға түсушілер үшін – ғылыми-зерттеу жоспары;

► Электрондық өтініш (ЭЦҚ арқылы).

Іріктеу кезеңдеріне келсек, 1-кезең: онлайн эссе – 28 маусым мен 1 шілде аралығы;


2-кезең: офлайн сұхбат – 8-23 шілде аралығы (Академия ғимаратында). Аралық нәтижелер 25 шілдеде жарияланады. Оқу 1 қыркүйекте басталады.

Толық ақпарат www.apa.kz сайтында және Академияның әлеуметтік желідегі парақшаларында қолжетімді.

Өз тілшіміз

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖҮЗІ

ЖҮЗІНЕН НҰР ТӨГІЛГЕН



Адамның жүрегі қаншалықты мейірімді болса, жүзінен соншалықты жылылық, нұр төгіліп тұратынын әсілінде жұрт біледі. Ондай жанның қасынан табылудың өзі бір ғанибет. Айналасына шуақ шашып, пенделіктен биік тұратын тұлғалардың тұғыры қашанда қадірлі. Көркем мінезі, тиянақты ісімен ұжымға сіңген ана жөнінде әңгіме қозғағанды дұрыс санадық.

Қазақи болмысы, сабырлылығы, өз жұмысына берілген қасиеті Зәуре Сембайқызын көпшіліктен даралап тұратынын баспаханаға баратын кезекші журналистер әуелден аңғарып қойған. Оның жылы жымиысы адамдық келбетінің көрінісіндей көрікті.

– Жалпы Зәуре апаймен әріптес болғаным 32 жылдан асыпты. Ол кісінің бір ашуланып, бұрқсарқ болған мінезін көрмеген екенмін. Ұжымдағы қолынан іс келетін білікті маманның бірі. Ақжарқын, үнемі адамның көңіліне қарап жүреді. Біреу қиналаса қол ұшын созып жәрдем беруге дайын тұрады, – дейді «Офсет» баспаханасының механигі Нұрахмет Бексейітов.

Зәуре Тәшенова Сарқан ауданы, қазіргі Ақтұма ауылының тумасы. 1988 жылдан бері Талдықорған қаласында тұрады. Негізгі мамандығы – балабақша тәрбиешісі. Мамандық бойынша бірнеше жыл жұмыс істеп, кейіннен Екібастұзға ауысып, ол жақта құрылыс саласында қызмет етеді. 2 жыл өткен соң Талдықорғанға қайтып оралып «Офсет» баспаханасына жұмысқа орналасты.

– Менің осы баспаханада қызмет етіп жүргеніме биыл 35 жыл болды. Әуелде мұнда монтаждаушы болып жұмысқа кірген едім. Сол замандарда жұмыс ауыр еді. Ленталарды қиып, мәтін жолын жасайтынбыз, газеттің суреттерін орналастыратынбыз. Бұрынғымен салыстырғанда жұмыс қазір әлдеқайда жеңілдеді. Бұл жерде қазір кітап, журналдар шығару үшін тапсырыс қабылдап, газет шығатын күні сұрыптаушының жұмысын істеймін. Яғни ауыл, аудан, қалаларға кететін газеттерді есептеп, бөлемін. Газеттің жай келетін кездері болады, сол күндері сағат түнгі 12, 1-ге дейін осында боламыз. Жалақымыз 90 мың теңге болғанымен қолымызға 70 мың ғана тиеді, – дейді еңбекқор ана.

Кейіпкеріміз 4 ағайынды. Ол үйдің екінші қызы. Сәуле, Индира, Эльмира есімді әпке-сіңлілері бар. Әкесі кезінде ұжымшарда көлік жүргізуші, анасы қызылшада жұмыс істеген екен. Балалық шақтарында ата-анасына көмектесіп, жәрдемші болғандарын айтады.

Зәуре Сембайқызы мен жолдасы Айтжан Қанпиновтың Рауан, Елдар есімді ұлдары бар. Олар да бұл күні өз алдына үйлі болып, ата-анасына немере сүйдірген.

Ясин ОРАЛБЕК

«ЖЕҢІС ЭСТАФЕТАСЫ» – ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті шекарашылары ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңіс эстафетасын» қабылдау салтанаты өтті.

Бұл маңызды іс-шара Абай облысының Аягөз қаласында ұйымдастырылып, Жетісу облысы Ұшарал қаласында жалғасын тапты.

Салтанатты шара барысында жергілікті атқарушы органдармен, өзара іс-қимыл жасайтын ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктерімен эстафетаны қарсы алу аясында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Жиналған қауымға Зейнеп Қойшыбаева атындағы мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасы ұсынылды.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ЗДОРОВЬЕ

ОФТАЛЬМОЛОГ –
ДОКТОР, КОТОРЫЙ
ЗАБОТИТСЯ О НАШЕМ ЗРЕНИИ

Глаза – это наши окна в мир. С их помощью мы видим лица родных, читаем книги, смотрим мультики, фильмы и различаем всё вокруг. Но как только зрение начинает ухудшаться или глаза болят, на помощь приходит офтальмолог. Это врач, который знает всё о здоровье глаз и помогает сохранить зрение чётким и ясным.

Офтальмолог не просто выписывает очки. Он умеет диагностировать серьёзные болезни, лечить воспаления, назначать упражнения для глаз и следить за тем, чтобы даже после операции зрение оставалось хорошим. Он помогает и взрослым, и детям – ведь глаза могут болеть в любом возрасте.

Для детей офтальмолог особенно важен, потому что в детстве зрение формируется. Если не следить за глазами с раннего возраста, можно не заметить проблему, и позже исправить её будет труднее. А взрослые часто сталкиваются с переутомлением, сухостью глаз из-за работы за компьютером или возрастными изменениями.

Офтальмолог проверяет зрение с помощью специальных таблиц, приборов и анализов, чтобы точно узнать причину любой проблемы. Он объясняет, как правильно ухаживать за глазами: не читать в темноте, не сидеть близко к экрану и вовремя отдыхать. Иногда назначает капли, витамины или даже операции – если болезнь требует серьёзного подхода.

Этот врач помогает сохранить главное – способность видеть мир вокруг ясно и без боли. Офтальмолог напоминает нам, что зрение – это бесценный дар, о котором нужно заботиться каждый день, а не только когда что-то заболит.

СОВРЕМЕННЫЕ
МЕТОДЫ ЛЕЧЕНИЯ
КАТАРАКТЫ

Катаракта – это помутнение хрусталика, приводящее к постепенному снижению зрения. Основные причины – возрастные изменения, травмы, метаболические нарушения (диабет), генетическая предрасположенность. Без лечения катаракта может привести к полной потере зрения. Единственный эффективный метод лечения – хирургическое удаление мутного хрусталика с последующей имплантацией искусственной интраокулярной линзы (ИОЛ).

Для определения стадии катаракты применяются:

► **Визометрия** – проверка остроты зрения.
► **Биомикроскопия** – осмотр хрусталика с помощью щелевой лампы.

► **Офтальмоскопия** – оценка состояния сетчатки и зрительного нерва.

► **Ультразвуковая биометрия (А-сканирование)** – измерение параметров глаза для подбора ИОЛ.

1. **Факэмульсификация (ФЭК) – «золотой стандарт» лечения катаракты:**

► Ультразвуковое разрушение хрусталика с последующим удалением фрагментов через микропроход (2-2,5 мм).
► Вставка гибкой ИОЛ через тот же разрез без швов.
► Быстрое восстановление (до 1 недели).

2. **Лазерная факэмульсификация (фемтосекундный лазер):**

► Лазер выполняет все разрезы и размягчает хрусталик, снижая нагрузку на ткани.

► Более высокая точность операции и минимальный риск осложнений.

3. **Экстракапсулярная экстракция катаракты (ЭКЭК):**

► Удаление хрусталика через более крупный разрез (~10 мм), капсула остается.

► Используется при плотной катаракте, когда ультразвук неэффективен.

4. **Интракапсулярная экстракция катаракты (ИКЭК):**

► Полное удаление хрусталика с капсулой.

► Применяется редко, чаще при травматической катаракте.

Современная офтальмохирургия позволяет удалить катаракту быстро и безопасно, с минимальной реабилитацией. Выбор метода зависит от степени зрелости катаракты, состояния глаза и индивидуальных особенностей пациента. Факэмульсификация остается наиболее популярным и эффективным методом лечения.

КОНТАКТНАЯ КОРРЕКЦИЯ АНОМАЛИЙ РЕФРАКЦИИ

Аномалии рефракции – это распространенные глазные заболевания, при которых изображение не фокусируется правильно на сетчатке глаза. Контактные линзы являются одним из основных методов коррекции таких аномалий, предоставляя альтернативу очкам и лазерной хирургии.

ОПИСАНИЕ. Контактные линзы – это тонкие, прозрачные линзы, которые надеваются непосредственно на глаз. Они корректируют рефракцию, компенсируя недостатки оптической системы глаза. Существуют различные типы контактных линз, включая мягкие, жесткие, дневные и ночные линзы.

ДИАГНОСТИКА. Диагностика аномалий рефракции включает в себя рефрактоме-

трию, офтальмоскопию и другие методы, чтобы определить точные параметры зрения и выбрать подходящие контактные линзы. Важно также учитывать индивидуальные особенности глаза и предпочтения пациента.

ЛЕЧЕНИЕ. Контактные линзы предоставляют эффективное лечение аномалий рефракции, таких как миопия, гиперметропия и астигматизм. Они позволяют пациентам получать четкое зрение без необходимости носить очки. Важно соблюдать рекомендации по уходу за линзами и регулярно посещать офтальмолога для контроля состояния глаз.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ. Контактная коррекция аномалий рефракции является эффективным и удобным методом лечения, который позволяет пациентам получить четкое зрение и улучшить качество жизни. Правильный выбор и уход за контактными линзами помогут достичь наилучших результатов.

ОСНОВЫ ДЕТСКОЙ ОПТОМЕТРИИ

Детская оптометрия – раздел офтальмологии, изучающий зрение у детей, его развитие, диагностику и коррекцию нарушений. Зрение у ребенка формируется с рождения и продолжает развиваться до 7-8 лет. В этот период важно выявлять и корректировать возможные патологии.

Обследование зрения у детей проводится с учетом возраста и индивидуальных особенностей.

Основные методы диагностики:

► **Визометрия** – проверка остроты зрения с таблицами или специальными картинками.

► **Рефрактометрия** – исследование преломляющей способности глаза.

► **Скиаскопия** – метод определения рефракции с использованием зеркала и источника света.

► **Офтальмоскопия** – осмотр глазного дна для оценки состояния сетчатки и зрительного нерва.

► **Оценка бинокулярного зрения** – диагностика координации глаз и выявление косоглазия.

Лечение зависит от выявленного нарушения:

► **Очковая коррекция** – подбор очков для исправления рефракционных ошибок.

► **Контактные линзы** – применяются при высокой степени аномалий.

► **Аппаратное лечение** – используются специальные тренажеры и методики (лазерная стимуляция, магнитотерапия, амблиотренинг).

► **Хирургическое вмешательство** – проводится при тяжелых формах косоглазия или катаракты.

► **Ортооптические упражнения** – тренировка глазных мышц для устранения нарушений бинокулярного зрения.

Детская оптометрия играет важную роль в профилактике и лечении зрительных нарушений у детей. Регулярные осмотры у офтальмолога (раз в год) позволяют своевременно выявить проблемы и принять меры для их устранения. Правильный подбор коррекции и своевременное лечение помогают сохранить хорошее зрение на долгие годы.

КОСОГЛАЗИЕ У ДЕТЕЙ

Косоглазие (страбизм) – нарушение координации глаз, при котором один или оба глаза отклоняются от нормального положения. Оно бывает врожденным или приобретенным и может быть сходящимся (эзотропия), расходящимся (экзотропия), вертикальным или смешанным. Основные причины – наследственность, нарушения рефракции (миопия, гиперметропия, астигматизм), болезни нервной системы и глазных мышц.

Выявление косоглазия включает:

► **Осмотр офтальмолога** – оценка положения и подвижности глаз.

► **Визометрия** – проверка остроты зрения.

► **Рефрактометрия** – определение рефракционных нарушений.

► **Координационные тесты** – проверка бинокулярного зрения.

► **Офтальмоскопия** – осмотр глазного дна для выявления патологий.

Методы лечения зависят от причины и выраженности косоглазия:

1. ОЧКОВАЯ КОРРЕКЦИЯ

► Подбор очков или контактных линз при нарушениях рефракции.

2. ОККЛЮЗИОННАЯ ТЕРАПИЯ

► Закрывание здорового глаза для стимуляции работы косящегося глаза.

ОБЩАЯ ОПТОМЕТРИЯ

Оптометрия – область медицины, занимающаяся диагностикой, коррекцией и профилактикой нарушений рефракции и бинокулярного зрения. Оптометристы проводят обследования, подбирают очки и контактные линзы, а также разрабатывают стратегии контроля миопии и других аномалий рефракции.

Основные методы диагностики в оптометрии:

► **Визометрия** – проверка остроты зрения.

► **Рефрактометрия** – измерение преломляющей способности глаза.

► **Скиаскопия** – объективное определение рефракции.

► **Кератотопография** – анализ формы роговицы.

► **Тонометрия** – измерение внутриглазного давления.

► **Офтальмоскопия** – осмотр глазного дна.

► **Тесты на бинокулярное зрение** – выявление косоглазия и других нарушений координации глаз.

Методы коррекции нарушений зрения:

► **Очки** – основной способ коррекции миопии, гиперметропии, астигматизма и пресбиопии.

► **Контактные линзы** – применяются для коррекции сложных рефракционных ошибок, включая кератоконус.

► **Ортокератология** – ночные жесткие линзы для контроля миопии.

► **Хирургические методы** – лазерная коррекция зрения (LASIK, PRK) и имплантация интраокулярных линз.

► **Аппаратное лечение** – стимуляция зрительной функции при амблиопии, спазме аккомодации.

Оптометрия играет ключевую роль в профилактике и лечении зрительных нарушений. Регулярные обследования помогают своевременно выявлять патологии и корректировать зрение, обеспечивая комфорт и здоровье глаз.

КОНСЕРВАТИВНОЕ ЛЕЧЕНИЕ В КАБИНЕТАХ ОХРАНЫ ЗРЕНИЯ

ВВЕДЕНИЕ. Консервативное лечение в кабинетах охраны зрения включает в себя различные методы и технологии, направленные на сохранение и улучшение зрения без оперативных вмешательств. Эти методы широко применяются для лечения различных глазных заболеваний и аномалий рефракции.

ОПИСАНИЕ. Консервативное лечение включает в себя использование контактных линз, корректирующих очков, медикаментозное лечение и другие методы, которые не требуют хирургического вмешательства. Эти методы помогают улучшить зрение и предотвратить прогрессирование заболеваний.

ДИАГНОСТИКА. Диагностика в кабинетах охраны зрения включает рефрактометрию, офтальмоскопию, скиаскопию и другие методы исследования, которые

помогают определить состояние зрения и выбрать наиболее подходящий метод лечения. Важно регулярно проходить осмотры, чтобы своевременно выявить и лечить возможные проблемы.

ЛЕЧЕНИЕ. Консервативное лечение включает использование контактных линз и корректирующих очков для коррекции аномалий рефракции, таких как миопия, гиперметропия и астигматизм. Также применяются различные медикаменты для лечения глазных инфекций, воспалений и других заболеваний. Важно соблюдать рекомендации врача и регулярно проходить контрольные осмотры.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ. Консервативное лечение в кабинетах охраны зрения является эффективным и безопасным методом сохранения и улучшения зрения. Регулярные осмотры и своевременное лечение помогут предотвратить прогрессирование заболевания и поддерживать здоровье глаз.

МЕТОДЫ КОНТРОЛЯ МИОПИИ

Миопия (близорукость) – нарушение рефракции, при котором изображение фокусируется перед сетчаткой, вызывая нечеткость дальнего зрения. Прогрессирующая миопия особенно опасна у детей и подростков, так как может привести к осложнениям (разрыв сетчатки, глаукома). Методы контроля миопии направлены на замедление ее прогрессирования и предотвращение осложнений.

Для оценки степени и скорости прогрессирования миопии используются:

► **Визометрия** – проверка остроты зрения.

► **Рефрактометрия и скиаскопия** – измерение рефракции глаза.

► **Кератотопография** – анализ кривизны роговицы.

► **Биометрия глаза** – измерение длины оси глаза (ключевой фактор в контроле миопии).

► **Офтальмоскопия** – осмотр глазного дна для выявления изменений сетчатки.

1. ОПТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ

► **Ортокератологические (ночные) линзы** – специальные жесткие линзы, изменяющие кривизну роговицы и замедляющие рост глаза.

► **Мягкие контактные линзы с миопическим дефектосом** – помогают перераспределить фокусировку света.

► **Специальные очковые линзы** – линзы с периферическим дефектосом снижают стимул к удлинению глаза.

2. ФАРМАКОЛОГИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ

► **Атропиновые капли (0,01-0,05%)** – доказано, что низкодозированный атропин замедляет прогрессирование миопии.

3. АППАРАТНОЕ ЛЕЧЕНИЕ

► **Лазерная стимуляция, электростимуляция** – направлены на улучшение кровоснабжения сетчатки.

4. ПОВЕДЕНЧЕСКИЕ И ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ МЕРЫ

► Уменьшение зрительной нагрузки, регулярные перерывы при работе с гаджетами.

► Достаточное освещение и активный образ жизни (прогулки на свежем воздухе).

► Специальные упражнения для глаз.

Контроль миопии – комплексный процесс, включающий коррекцию, фармакологическую поддержку и изменение образа жизни. Регулярные осмотры у офтальмолога позволяют своевременно выявлять изменения и корректировать стратегию лечения, снижая риск осложнений.

ЛЕЧЕНИЕ АМБЛИОПИИ У ДЕТЕЙ

Амблиопия, или «ленивый глаз», – это снижение зрения в одном или обоих глазах, не связанное с органическими нарушениями. Она развивается в детском возрасте из-за неправильной работы зрительной системы. Основные причины включают косоглазие, анизометропию (различие в оптической силе глаз), врожденные катаракты и другие патологии.

Раннее выявление амблиопии – ключевой фактор успешного лечения.

Диагностика включает:

► **Визометрия** (определение остроты зрения);

► **Рефрактометрия** (измерение оптической силы глаза);

► **Офтальмоскопия** (осмотр глазного дна);

► **Тесты на бинокулярное зрение;**

► **Компьютерная периметрия** для оценки полей зрения.

Основная цель терапии – восстановление зрительных функций слабого глаза.

Методы включают:

► **Оптическая коррекция** – ношение очков или контактных линз для устранения

рефракционных нарушений.

► **Окклюзионная терапия** – заклеивание здорового глаза, чтобы стимулировать работу слабого.

► **Плеоптическое лечение** – специальные упражнения, направленные на активизацию амблиопического глаза (например, аппаратное лечение, зрительная гимнастика).

► **Фотостимуляция и лазерная терапия** – применяются в отдельных случаях для активации зрительного нерва.

► **Медикаментозная терапия** – использование капель, расширяющих зрачок, чтобы снизить доминирование ведущего глаза.

► **Хирургическое вмешательство** – применяется при наличии косоглазия или врожденных патологий (например, катаракты).

Лечение амблиопии наиболее эффективно в раннем возрасте, когда зрительная система ещё пластична. Ранняя диагностика, комплексная терапия и регулярное наблюдение у офтальмолога значительно повышают шансы на восстановление зрения. Важно, чтобы родители строго следовали рекомендациям врача и контролировали выполнение назначенного лечения.

Материал подготовили:

Б.ТАНАБАЕВА, Г.КУНДЫЗБЕКОВА, К.НЕВЕНЧАННЫЙ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шаралар**1 мамыр**

7.30 - Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеу «Бірлік жүгірісі – 2025» спорттық шарасы;

11.00 - «Жастар» саябағында мерекелік бағдарлама.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік шаралар**7 мамыр**

9.50 - Әскерге шақырылушыларды шығарып салу рәсімі (30 сарбаз);

10.00 - Астана қаласында өтетін бас әскери шерудің тікелей эфирін ЛЭД экран арқылы тамашалау;

19.00 - «Ел намысын ер қорғайды, ер ерлігін ел қолдайды» атты ҚР Қарулы күштерінің құрылған күніне арналған мерекелік концерт.

«Ер есімі ел есінде!» атты 9-Мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған шаралар**6 мамыр**

11.00 - мамандандырылған ХҚКО аумағында Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Армия генералы, ҚР Тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетовке көше атауын беру салтанаты.

9 мамыр

10:00 – Орталық мәдениет және демалыс саябағындағы Даңқ обелискісіне Мемлекеттік Туды алып шығу және гүл шоқтарын қою рәсімі;

11:00 – «Ұрпақтар ұмытпайтын – Ұлы Жеңіс!» атты театрландырылған көрініс және мерекелік концерт;

**«БАТЫРЛАРҒА ТАҒЗЫМ» БІРЕГЕЙ ОНЛАЙН-ПОРТАЛЫ**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық маңғандарға еске алу мақсатында «Батырларға тағзым» (<https://batyrlarga-tagzym.kz/ru/>) амты бірегей онлайн-порталын іске қосты.

Жобаның мақсаты – Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан қазақстандықтардың ерлігі мен жанкештілігі туралы болашақ ұрпаққа құнды ақпараттарды жеткізу. Порталда кең көлемді мәліметтер базасы бар.

Сайтта қазірдің өзінде 677 мыңнан астам соғыс ардагері, оның ішінде 365 Кеңес одағының батыры, 4 екі мәрте Кеңес одағының батыры және 19 «Даңқ» орденінің кавалері туралы ақпарат жинақталған.

Интерфейс қажетті ақпаратты табуға ғана емес, сонымен қатар өз ардагер туыстары туралы деректерді қосуға, жаңалықтармен танысуға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл портал тарихты болашақ ұрпақ үшін сақтап, батырларға тағзым етіп, құрмет көрсетуге арналған платформа қызметін атқарады.

Онлайн-порталды пайдаланушылар:

КӨЛІК САЛЫҒЫ**ТӨЛЕМДІ УАҚТЫЛЫ ТӨЛЕҢІЗ!**

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті көлік салығын төлемеген автотөлемді иелерінің машиналарын алып қою жағдайына тап болу қаупі бар екенін ескертеді.

МҚД мұндай шаралар қандай жағдайларда қолданылатынын және оларды қалай болдырмау керектігін хабарлайды.

Көлік салығы Қазақстандағы көлік құралдарының иелері үшін мемлекеттік бюджетке міндетті жыл сайынғы төлем болып табылады.

Тек белгілі бір санаттағы адамдар ғана салықтан босатылады, ал бұл міндеттемені елемейтін автотөлемді иелері ықпал ету шараларына тап болу қаупі бар: өсімпұлдан мүлкі алып қоюға дейін.

Жолдарда полиция мен сот орындаушыларының қатысуымен «қарызды» салық төлеушілерді ұстау үшін рейдтер жүргізілетін болады.

1 АЕК-тен жоғары берешек сомасы бойынша салық сомасын уақтылы төлемеген тұлғаларға жеке тұлғаның

церт;

12:00 – Талдықорған атшабарында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған ұлттық ат спорты – бәйге жарысы;

19:00 – Орталық алаңда «Ұлы ерлік – шаттықтың бастауы» атты мерекелік концерт.

► сайтқа өз туысының тарихын қоса алады: әр адамның соғысқа қатысқан жақындары туралы естеліктерін бөлісуге мүмкіндігі бар.

► фотосуреттерді жүктей алады: әр қолданушы ардагер туысының суреттерін веб-порталға жүктеп, оның жарқын бейнесін мәңгілікке аманат етуге мүмкіндігі бар.

► ардагерлердің жаңа мәліметтерін қоса алады: веб-порталдың дерекқорында жоқ ардагерлердің мәліметтерін оңай енгізуге болады.

► батырлар галереясын көре алады: сайтта қазірдің өзінде көптеген батырлардың өмірбаяндары жазылған галерея бар, кез келген қолданушы бұл бөлімнен олардың өмірі мен жасаған ерліктері туралы көбірек ақпарат алады.

► жаңалықтар үнемі жаңарып отырады: веб-порталда ардагерлерге және жобаға қатысты жаңалықтар мен оқиғалар тұрақты түрде жарияланып тұрады.

Айта кетейік, Жеңістің 80 жылдығына орай республика бойынша 200-ден астам іс-шара ұйымдастырылады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрықтары жіберілетін болады.

Берешек табыс етілгеннен кейін 5 жұмыс күнінен кейін төленбеген жағдайда, салық бұйрығы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына мәжбүрлеп орындауға беріледі. Өз кезегінде, жеке сот орындаушылары «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банктік шоттар мен мүлікке тыйым салу түрінде мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға құқылы. Оның ішінде 40 АЕК-тен берешегі бар болса, азаматқа ҚР-дан шығуға тыйым салынуы мүмкін.

ҚР-дан шығуға тыйым салу туралы ақпаратты сілтеме бойынша өту арқылы білуге болатындығын қосымша хабарлаймыз <https://aisoip.adilet.gov.kz/debtors>

Алдағы жазғы демалыс және демалыс маусымы кезеңінде жағымсыз салдардың алдын алу үшін Департамент салықтар бойынша берешек болған жағдайда берешекті өтеуді ұсынады.

ЗАҢ МЕН ТӨРТИП**БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУ**
БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР ӘЗІРЛЕНДІ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент), Жетісу облысының географиялық шекараларында құс етін (тауық етін) көтерме саудада өткізу нарығындағы бәсекелестік ортаның жай-күйіне жоспардан тыс талдау нәтижелері бойынша, Тауар нарығындағы бәсекелестік ортаның жай - күйіне талдау және бағалау жүргізу жөніндегі Әдістеменің 79 тармағына сәйкес бәсекелестікті дамыту жөніндегі ұсынымдарды тиісті салада басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган - «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына» жұмыста есепке алу және пайдалану үшін жіберді.

Бәсекелестіктің дамуына кедергі болатын жүйелік мәселелерді болдырмау мақсатында, Департамент карточкалық жүйе енгізу арқылы «Жетісу» ӘКК «Өңірлік даму институты» АҚ-мен сатылатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (бұдан әрі - ӘМАТ) тек халықтың әлеуметтік осал топтарына қолжетімді болуын қамтамасыз етуді және ӘМАТ бағасын тұрақтандыру үшін іске асырылатын тетіктерді қайта форматтауды ұсынды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті

ЧЕКТІ ТАЛАП ЕТ ЖҮЛДЕНІ ҰТЫП АЛ

AMIAN қолданбасы арқылы түбіртектерді сканерлеп, жүлдені ұтып ал

ПРОФИЛАКТИКА**ЛЕС – ЗОНА ПОЖАРНОЙ ОПАСНОСТИ**

Лес – это не только место отдыха, но и зона повышенной пожарной опасности. По статистике, 9 из 10 лесных пожаров возникают по вине человека: небрежно брошенный окурок, непотушенный костёр или стеклянная бутылка.

Для избежания беды разводить костер необходимо по правилам: выбирать открытые площадки вдали от деревьев и сухой травы; окопать кострище земляным рвом или обложить камнями; не оставлять огонь без присмотра; перед уходом залить костер водой, перемешать угли и убедиться, что тление прекратилось.

Запрещенные действия: курение и бросание окурков на землю; использование мангалов в хвойных лесах; сжигание мусора в ветреную погоду.

Если пожар начался, то необходимо: немедленно позвонить на 112 или 101, сообщить координаты; попытаться потушить небольшое возгорание ветками, водой или песком; уходить против ветра, прикрыв дыхательные пути мокрой тканью.

Напоминаем, за нарушение правил пожарной безопасности грозит административная ответственность - штраф, а в случае масштабного пожара – уголовная ответственность.

А.НУРТАЕВ,

ст. инженер УЧС г. Талдықорған, капитан гражданской защиты

Талдықорған қаласының әкімдігі мен Талдықорған қаласының мәслихаты аяулы ана
Абилева Гүлжамаш Арапқызының
қайтыс болуына орай туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Талдықорған қаласының ардагерлер кеңесі аяулы ана
Абилева Гүлжамаш Арапқызының
өмірден өтуіне байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Талдықорған» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы аяулы ана
Абилева Гүлжамаш Арапқызының
қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.

Талпырыс №463 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.